

## Мақсатымыз —



Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен пленарлық мәжілісті ректор Ғалым Мұтанұлы ашты. Ол алғысөзінде: «Елбасы алдымызға ауқымды тапсырмалар қойып отыр. Экономиканы нығайтуды, халықтың әл-ауқатын арттыруды жүктеген жаңа тапсырмалардан ел дамуының жаңа көкжиегі көрінетіндей. Оның ішінде басым бағыттың бірі — адам капиталының сапалы өсуі. Ендеше, біздің түлектер қалай бәсекеге қабілетті болмақ? Ол, әрине, әр адамның құзыреттілігіне тікелей байланысты», — деп атады. Сонан соң пленарлық отырыс үздік университет қызметін жандандырудың және оның түлектерінің құзыреттілігін, бәсекеге қабілеттілігін

арттырудың өзіндік жолдарын ұсынған оқытушы-профессорлар қауымының баяндамаларына ұласты. Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауындағы басым бағыттарының ҚазҰУ-да орындалуына тоқталды. Оқу ісі жөніндегі проректор Уәлихан Әбдібековтің баяндамасы білім беру үдерісі: оқытудың пәндік ұстанымынан құзыреттілік ұстанымға қарай ауысуына арналды. Ал, елдің жоғары білікті маман ресурстарын дайындаудағы ғылыми-инновациялық зерттеулердің ролі туралы ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Сәбитұлы баяндады. Сонымен қатар

тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Меңдігүл Сағатқызы көпшілік назарын «Қазақстан-2050» стратегиясының маңызы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы әлеуметтік даму мен тәрбие жұмысының жаңа мақсаттары мен міндеттеріне аударды. Жиын соңында «Үздік электронды оқулық» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Екі күнге созылған конференция барысында модульдік-құзыреттік форматта оқытудың мәселелері және даму жолдарын қарастыруға арналған бірінші секцияда ұсынылған 131 баяндаманың 95-і тыңдалды. Ал халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру кәсіби бағдарламаларды жетілдіру: Батыс Еуропа елдері мен АҚШ тәжірибесі деп аталатын екінші секцияда 39 баяндама қабылданып, 25-і тыңдалды. Олардың

17-18 қаңтарда ҚазҰУ-да Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауындағы тапсырмалар аясында «Заманауи үздіксіз кәсіби білім беру жүйесіндегі түлектің құзыреттік үлгісі» атты 43-ші ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Білім беру бағдарламаларының мәселелері мен даму жолдарын қарастыруға арналған конференцияға 700-ден астам профессор, доцент, оқытушының баяндамасы қабылданды. Конференция барысында олардың 350-і тыңдалды.

ішінде Египет, Оңтүстік Корея, Кыргызстан ғалымдарының баяндамалары қамтылған. Сондай-ақ инновациялық білім берудің технологиялары мен оны іске асыру әдістері жайлы үшінші секцияда 272 баяндама қабылданып, олардың 180-і тыңдалды. Аталған секция жұмыстарының қорытындысы 21 қаңтар күнгі ғылыми кеңес және ректорат мәжілісінде оқытушы-профессорлар қауымының назарына ұсынылып, талқылауға түсті.

Конференция нәтижесінде үздік баяндама иелері анықталып, марапатталды.

Осылайша, «Басты мақсатымыз — заманауи талаптарға сай мықты түлек дайындау», — деген университет басшысының тапсырмасын іске асыру жолында ізденіп, аянбай еңбек етіп келе жатқан ұстаздар қауымының еңбегі жоғары бағаға ие болды. Сонымен қатар конференция аясында ұйымдастырылған дөңгелек үстелде куратор-эдвайзерлер жұмысын жандандыруға қатысты негізгі тұжырымдар да нақтыланды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

21 қаңтарда өткен ғылыми кеңес және ректорат мәжілісі жағымды жаңалықтармен басталды. Ректор Ғалым Мұтанұлы, алдымен, Германиядан іс-сапардан оралған ҚазҰУ профессоры, академик Қалқаман Тұрсынұлын 65 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, алғыс хат пен гүл шоқтарын ұсынды. Көпшілік қауымға қуаныш сыйлаған сәттер мұнымен біткен жоқ. Өз кезегінде «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Құмарғалиұлы университет оқытушы-профессорларының, қызметкерлері мен докторанттарының арасында өткен 41-ші дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасының жүлдегерлерімен таныстырды. Одан соң мәжіліс оқуда озат, ғылыми жұмыстарда жетістікке жеткен студенттерге шәкіртақы табыстау рәсіміне ұласты.

## Талап орындалды: жаңа міндет қойылды

Күн тәртібіндегі негізгі сұрақтарға көшкен тұста, ең алдымен, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын жүзеге асыру бойынша факультеттерде атқарылатын жұмыстар жөніндегі декандар хабарламалары тыңдалды. Олар стратегияның ел дамуындағы ролі мен маңызына тоқтала отырып,

жаңа міндеттер жайлы сөз қозғады.

Сонымен қатар отырыста Оқу жұмысы жөніндегі проректор Уәлихан Сейділдәұлының «Заманауи үздіксіз кәсіби білім беру жүйесіндегі түлектің құзыреттік үлгісі» 43-ші ғылыми-әдістемелік конференциясын қорытындылаған хабарламасы тыңдалды. Сондай-ақ ректорат мүшелерінің дауыс беруімен ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республи-

касының мемлекеттік сыйлығын алу үшін техника ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, ҚР еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Ғалымқайыр Мұтановтың «Экономические методы и модели и их прикладные приложения» атты ғылыми монографиялық зерттеулер кешенін ұсыну туралы шешім бір ауыздан қабылданды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

ШӘКІРТАҚЫ МЕРЕЙДІ АСЫРДЫ

ЖАП-ЖАРЫҚ СӘУЛЕ...

«ДЕНСАУЛЫҚ» СПАРТАКИАДАСЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ студенттері өз университетінің қамқорлығы мен қолдауын үнемі сезініп келеді. Мұндағы әрбір студент жүрегінде білімнің тереңіне бастап, мөп-мөлдір тұнығынан сусындатқан ұлағатты ұстазға арналған шексіз алғыс, ертеңгі жарқын болашаққа деген нық сенім берік орнаған. Себебі, ҚазҰУ-да студенттерге, ұстаздар қауымына үлкен көңіл бөлініп, олардың ғылыммен айналысуына, білімі мен біліктіліктерін арттыруына, шетелдік тәжірибені меңгеруіне жан-жақты мүмкіндік жасалған.

## ШӘКІРТАҚЫ МЕРЕЙДІ АСЫРДЫ

21 қаңтар күнгі ғылыми кеңес және ректорат мәжілісінде орын алған шәкіртақы табыстау рәсімі сөзімізді нақтылай түспек. Студенттер қауымын ынталандырып, бәсекелестік қабілеттіліктерін еселей түсетін игі дәстүрдің өз жалғасын табуы қуантарлық жағдай. Сонымен үздіктер қатарынан көрінген шәкіртақы иегерлерімен таныстырсақ.

Академик Фазылхан Байымбетов атындағы шәкіртақыны «Физика» мамандығы бойынша білім алып жатқан Мадина Жұмағұлова(4 курс), Денис Дубовцев(3 курс), Қасен Айтқабыл(1 курс) жеңіп алды.

Шәкіртақы тағайындаған келесі факультет – шығыстану факультеті болды. 2 курс магистранты Жанар Әбдіқадырова



ғылыми ізденістеріндегі жетістіктері үшін ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының шәкіртақысына ие болды. Ал профессор Л.З.Рүстемов атындағы шәкіртақы 3 курс студенттері Нұржан Қосымбеков, Бақыт Жұмасетов, Ғайнеп Сейдахметке табысталды. Сонымен қатар арабтану орталығы тағайындаған шәкіртақыны ғылыми ізденістеріндегі жетістіктері үшін Азамат Оспанов және Маржан Сұлтанова иеленді.

Мәжіліс мүшелері – оқытушы-профессорлар еңбегі жанған шәкірттерінің жетістіктеріне қошемет көрсетті. Кезегінде қанаттанған студенттер де алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Әйгерім ӨЛІМБЕКОВА

Жуырда ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен "Professional Teacher Development" атты республикалық оқу-әдістемелік семинар өтті. Оған "Макмиллан" және "Интерпресс" атты шетел баспадарының өкілдері, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушылары, А.В.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесінің және қалалық орта мектеп пен гимназиялардың ұстаздары қатысты.

## English Club



Клубная форма деятельности является важной составляющей системы работы с молодежью в КазНУ. Вот уже четыре года по инициативе кафедры иностранных языков естественных факультетов при поддержке департамента по воспитательной работе действует научный студенческий кружок по английскому языку - English Club.

## Шет тілдерін оқыту мәселелері қаралды

Оқытушының шетел тілдерін оқытудағы тәжірибесін арттыру және шыңдау мәселелеріне арналған семинарда жаһандану дәуіріндегі ағылшын тілі, ғылыми мақалалар жазудың әдістемелік негіздері, баспасөз арқылы шет тілдерін оқытудың маңызы, музыканың шет тілдерінде сөйлеу әрекетін қалыптастырудағы рөлі, сабақ барысында көрнекі құралдарды қолданудың әдіс-тәсілдері, қазіргі таңдағы интернеттің рөлі сияқты ауқымды тақырыптар ағылшын, неміс және француз тілдерінде талқыланды.

Тарихы сонау 1957 жылдан бастау алып, ақпаратты тасымалдаудың сенімді

жүйесіне айналған интернет АҚШ елінде компьютерлік желі құрудан басталғаны белгілі. Семинар барысында интернеттің қазіргі уақытта ғылымның барлық саласында кеңінен қолданылатыны тілге тиек етілді. Сонымен қатар бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мен ақпарат беру мүмкіндігі, желілер жүйесінің жылдамдығы, уақытты үнемдеудегі тиімділігі, күнделікті жаңалықтар ағымымен алдын-ала қамтамасыз ететіні де айтылды. Осы орайда, жаңа технологиялар жүйесі жылдам өзгеріп отыратын заманда ғылыми мақалалар жазу, оның нәтижелерін кәсіби біліктілікті арттыру, білім беру мақсатында қолдану, кәсіби сұраныс көзіне айналдыру жолдары қарастырылды. Сондай-ақ «Он-лайн» оқу жүйесінің артықшылықтары мен кемшін тұстары туралы ақпарат қатысушылардың асқан қызығушылықтарын тудырды.

Семинар аясында ұйымдастырылған кітап көрмесі қатысушыларға отандық және шетелдік оқулықтар мен кітаптар жайлы мол ақпарат беріп, сала жаңалықтарымен таныстырды.

Семинар соңында оқытушылар сертификат иеленді.

**М.А. ЖАҢАБЕКОВА,**  
шетел филологиясы  
және жалпы тіл білімі  
кафедрасының  
доценті

Целью English Club является не только приобретение знаний в непринужденной и свободной атмосфере, но и выявление и развитие творческих интересов и способностей студента. Комфортная обстановка способствует снятию комплексов, мешающих самовыражению.

Работа English Club тесно связана с базовым курсом по английскому языку и фактически вытекает из него. Студенты изучают народные традиции, особенности национальной кухни, творчество выдающихся поэтов и писателей изучаемых стран. Также молодежь работает над созданием различных презентаций на английском языке, принимает участие в театральных постановках и сценках, сочиняет рассказы и пишет стихи.

В рамках проекта «100 книг» на механико-математическом факультете старший преподаватель Н.Ломаченко ежегодно проводит день рождения Вильяма Шекспира. Студенты, стараясь донести до аудитории красоту шекспировского языка, читают сонеты, переводят их на казахский язык, рассказывают о жизни и творчестве великого поэта.

В целях воспитания чувства патриотизма и любви к Родине каждый год в канун праздника Независимости РК

проводится выездное заседание English Club в общежитиях университета под лозунгами «The Land I am Proud of» и «Kazakhstan is on the way to success»

Традиционно наши студенты принимают активное участие в проведении университетского мероприятия под лозунгом «Brighten your corner», почетным гостем которого является ректор нашего университета академик Г.Мутанов.

Активное участие в работе клуба и проведении тематических встреч принимают преподаватели Ш.Омарова, Н.Попова, З. Набижан, Б.Саякова, Д.Иллахунова.

В настоящее время в связи с глобализацией мировых процессов, одной из самых актуальных проблем в обучении студентов иностранным языкам стало формирование коммуникативной компетенции. Однако овладеть коммуникативной компетенцией, не находясь в стране изучаемого языка, дело весьма трудное. Поэтому важной задачей преподавателя иностранного языка является создание приближенных к реальности ситуаций общения как на уроке, так и во внеаудиторной деятельности. И English Club проводит большую работу в этом направлении.

**К.ЖУБАНОВА,**  
руководитель English Club



Ғылыми үйірмелер – болашақ жас мамандардың теориялық зерттеулерін практикамен ұштастыра отырып, ары қарай дамуына үлес қосатын басты ұжым. Осындай ұжымдардың бірі химия және химиялық технология факультетінің физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасында «Жас физхимик» және «Жас каталитик» ғылыми-зерттеу үйірмелері жемісті жұмыс істеп келеді.

## ҒЫЛЫМ – ӨНДІРІСТІҢ НЕГІЗІ



Қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ аясындағы аталмыш үйірмелердің көздеген басты мақсаты – студенттерді, яғни жалындаған жастарымызды ғылым-зерттеу және ғылыми өндірістік жұмыстарға жұмылдыру, жастардың көсіптік білімі мен көшбасшылық қабілеттерін дамыта отырып, саналы ұрпақ, өнегелі азамат, патриот ретінде тәрбие беру.

Сондай-ақ, факультеттің аталмыш ғылыми-зерттеу үйірмелерінің алдына қойған мақсат-міндеттерін, атқарылатын ғылыми жұмыстарының бағыттарын 1, 2 курс студенттеріне жете таныс-

тыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілуде. Мысалы, қараша айында №13 жатақханада осы мақсатпен кеш ұйымдастырылды. Ендеше студенттердің ғылымға деген құштарлығын арттыру мақсатында атқарылар ауқымды жобалар келешектің еншісінде деп білеміз.

**Г.А.СЕЙІЛХАНОВА,**  
«Жас физхимик» үйірмесінің жетекшісі, профессор;  
**Н.Т.СМАҒҰЛОВА,**  
«Жас каталитик» үйірмесінің жетекшісі, аға оқытушысы

## Салауатты өмір салтын ұстаныңыз!

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал-ахуалы жақсы болуы тиіс», – деген болатын. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары жастарды салауаттылыққа, саламаттылыққа бағыттап келеді. Салауатты өмір салты студенттер арасында кеңінен насихатталса, бүгінгі қоғамды алаңдатып отырған ғасыр індеттеріне де тосқауыл болары сөзсіз.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдер факультетінің гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының оқытушылары да осы бағытта тәрбие сағаттарын жиі ұйымдастырып тұрады. Мәселен, ішімдікке бой алдырмау, шылым шегуден тыйылу, нашақорлыққа жол бермеу, СПИД-ке қарсы күресу іс-шараларының бірі ретінде оқытушылар Р.Пархатова мен Л. Жанбосыновтың ұйымдастыруымен тарих факультетінің студенттерімен бірлесіп өткізген «ЖИТС(СПИД, AIDS) – ғасыр індеті» атты ашық тәрбие сағатын тілге тиек етейік. Бұл сабақ жастар бойында жағымсыз әрекеттерге деген жиіркеніш сезімін тудырды.

Студенттер шараға белсене атсалысып, ЖИТС-ке байланысты қабырға газетін шығарды. Тақырыпқа қатысты көрініс қойылды. Музыкалық қойылымдар мен сөзжұмбақтар дайындалды. Байқау

түрінде өткен тәрбие сағатына «Анти-СПИД», «Иммунитет», «Жарқын өмір» және «Денсаулық» деп аталатын топтар қатысып, замандастарына барынша салауаттылықты насихаттап жатты. Топ студенттері бұл індеттің таралу жолдарына жасаған баяндамаларын мейлінше жан-жақты және түсінікті етіп презентация түрінде көрсетті.

Сабақ соңында әр топ «Үздік қабырға газеті», «Үздік көрініс», «Үздік музыкалық қойылым» және «Белсенділік танытқаны үшін» номинациялары бойынша марапатталды. Кафедра меңгерушісі Қ. Айсұлтанова қорытынды сөз сөйлеп, студенттерді осындай жаман әдеттерден аулақ болуға шақырды.

**Еркеш АРТЫҚОВА,**  
Гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының оқытушысы

## Студенттер ұйымдастырған сайлау науқаны

Елімізде білім сапасын көтеру мақсатында оқытудың жаңа технологиялары кеңінен қолданылуда. Біздің университетте де студенттердің өзіндік жұмысын жүргізу алға қойылған. Нақтырақ айтатын болсақ, саясаттану кафедрасында «Сайлау технологиялары» атты пәннің негізінде рөлдік іскерлік ойын түрінде «Сайлау-2012» атты ашық сабақ өтті.

Оның мақсаты – студенттердің электоралды мәдениетін қалыптастыра отырып, саяси өлеуметтендіру және оларды өз құқықтарын пайдаланып, дұрыс таңдау жасауға тәрбиелеу.

Аталған іскерлік ойын барысында 4-курс студенттері «Саяси технологиялар» пәнін оқу негізінде жинаған білімдері мен біліктіліктерін қолданып, шынайы сайлаудағыдай үгіт-насихат жүргізді. Саяси технологиялардың сан түрін пайдаланып, әрқайсысы сайлаушыларды өз жағына тартуға тырысқан сайлау науқаны қызықты болды. Сайлауға үш партия: «Болашақ», «Жаңа тұлға» және «Халық КЗ» қатысты. Сонымен қатар студенттер арасынан жасақталған Орталық сайлау комиссиясы, ЕҚЫҰ бақылаушылары мен тә-

уелсіз сарапшылар сайлаудың әділ өтуін қамтамасыз етті.

«Сайлау-2012» атты іскерлік ойынының құрметті қонағы ретінде Қазақстан Республикасы мәжілісінің депутаты Жамбыл Ахметбеков қатысты. Ол: «Сайлау қызықты әрі тартысты өтті. Партиялардың бағдарламалары ауқымды және қоғамның барлық салаларын қамтыған. Сонымен қатар өткізіліп отырған іскерлік ойын шынайы сайлауға максималды жақын ұйымдастырылған екен. Соңдықтан, мен осы сайлаудың куәгері болғанымға өте қуаныштымын және мені шақырған саясаттану кафедрасының ұжымына алғыс білдіремін», – деп ризашылығын білдірді.

«Сайлау-2012» іскерлік ойынының электораты ретінде саясаттану бөлімінің студенттері мен оқытушылары қатысты. Сайлау барысында электораттың 68%-ы өз дауыстарын берді. Сайлаудың қорытындысы бойынша «Болашақ» партиясы – 21 дауыс, «Халық КЗ» партиясы – 30 дауыс, ал «Жаңа тұлға» партиясы 47 дауыспен жеңіске жетті.

**Асхат КЕҢЕСОВ,**  
саяси ғылымдарының кандидаты

В студенческом бизнес-инкубаторе факультета биологии и биотехнологии реализуется проект по созданию биомыла на основе натуральных компонентов, являющегося альтернативой синтетическим аналогам.

## «Bio-Soap» вам в руки



Основными его преимуществами для потребителя являются мягкая текстура, содержание полиненасыщенных жирных кислот, отсутствие вредных поверхностно-активных веществ и синтетических добавок, а также высокое содержание натуральных биологически активных компонентов. В состав данного средства входят исключительно природные ингредиенты, такие, как молоко, кумыс, глина, настой чайного гриба, молотый кофе и различные масла. При этом в биомыле полезные свойства сочетаются с привлекательным внешним видом. Это открытие особенно актуально, так как использование натуральной косметики является полезным и становится модным.

Руководителями проекта являются профессор кафедры биотехнологии Т.Мукашева, доценты А.Кистаубаева, И.Савицкая и Л.Игнатова. Для успешной реализации проекта разработан бизнес-план, а также имеется технологическая схема производства биомыла с учетом биохимического состава косметического

эффекта. По итогам опробации мыла участниками проекта, отмечено положительное воздействие продукта на кожу лица и рук. При сравнении воздействия отобранных рецептов, имеющие наилучший эффект.

Биомыло уже зарекомендовало себя на рынке ручной работы. Продукция была представлена студентами факультета на ежегодной новогодней ярмарке компании «КазЭкспоСервис», налажено сотрудничество с компанией «КупиКупон». Подробно о продукции и его производстве можно узнать на странице бизнес-инкубатора в социальной сети «ВКонтакте» - [www.vk.com/probiolab](http://www.vk.com/probiolab).

Проект позволил студентам погрузиться в инновационную бизнес-среду, собрать собственную команду, создать качественную бизнес-модель, внедрить инновационный товар на рынок.

**Л.ИГНАТОВА, И. САВИЦКАЯ,**  
преподаватели кафедры биотехнологии



## ВЕКОВОЙ ЮБИЛЕЙ

16 января на факультете географии и природопользования прошло знаменательное событие – доценту кафедры географии, землеустройства и кадастра, участнику Великой Отечественной войны А.С.Тихомирову исполнилось 100 лет со дня рождения.

Экономико-географ и картограф Аркадий Сергеевич Тихомиров родился в г.Москве в семье священника. Окончил МГУ. В конце 1951 года он, переехав из Москвы в Алма-Ату, приступил к работе в Управлении гидрометслужбы КазССР. Затем в 1952 году А.Тихомирова пригласили на работу по совместительству на кафедру экономической географии КазГУ, где в должности старшего преподавателя он читал курс экономической картографии, руководил дипломными работами. С сентября 1960 года он начал работать старшим преподавателем кафедры экономической географии, и в последующем вся трудовая деятельность Аркадия Сергеевича связана с университетом.

А.С.Тихомиров обладает высокими профессиональными знаниями и педагогическим мастерством. Его лекции

отличались научностью и доходчивостью, на занятиях он часто использовал наглядные пособия и специальные карты, составленные им собственноручно. О профессиональных качествах юбиляра свидетельствует также привлечение его к экспертизам проектов районной планировки, проводимой в те годы Госстроем КазССР. А.Тихомиров – чуткий человек и мудрый наставник.

Профессорско-преподавательский состав факультета и кафедры географии, землеустройства и кадастра от всей души поздравляет нашего глубокоуважаемого Аркадия Сергеевича со 100-летним юбилеем и желает ему доброго здоровья, благополучия и творческого оптимизма!

А.ТЕМИРБЕКОВ, профессор,  
А.АКАШЕВА, доцент

Он жылға жуық уақыттан бері Зарема Маратқызымен бірге қызмет етіп келемін. Осы уақыт аралығында ол кісінің көңдігі мен адамгершілігіне және білімі мен біліктілігіне куәгер болып жүрмін. Зарема Маратқызы – белгілі генетик, ҚазКСР ҒА академигі, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері Бияшев Ғакаш Закиұлының немересі. Адамның адам болып қалыптасуы оның тәрбиеленген ортасына байланысты екені анық. Осы тұрғыдан алғанда Зарема Маратқызы ғалым отбасында, ғылыми ортада тәрбиеленген.



## Әрінтеске жылы лебіз

Зарема Маратқызы қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 40 жылға жуық қызмет атқарып келеді. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) биология факультетін үздік бітірген, 1975–1994 жылдары аралығында дарвинизм және генетика кафедрасында стажер-зерттеушіден аға ғылыми қызметкерге дейін жұмыс істеді. КСРО ҒА СБ цитология және генетика институтының аспирантурасын сырттай бітіріп, «03.00.15 - Генетика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. 1994–2002 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің ғылыми хатшысы болды. Хатшы қызметін биохимия және физи-

ология кафедрасында доцент ретінде педагогикалық қызметпен байланыстырды, кейін экология және тоқырақтану, университеттің қайта құрылуынан кейін молекулалық биология және генетика кафедрасына ауысты. Зарема Маратқызы қай қызметті болса да абыроймен атқарды.

Сізді кафедра ұжымы атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық тілейміз! Күш-қайратыңыз сарқылмасын! Шығармашылықтың шыңынан көріне беріңіз!

Айзада ҚОЖАХМЕТОВА,  
молекулалық биология және  
генетика кафедрасының  
оқытушысы

## Шет тілін меңгергіңіз келсе...

Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілетін жетілдіруде тиімді жүйе болып табылады. Шет тілін оқыту барысында интерактивтік тәсіл, ойындар, ақпараттық технология, интернет, компьютер қолдану тіл білуге деген құлшынысты арттырып отыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәлімгерлері интернет жүйесі арқылы әр түрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындай алады. Оқып жатқан тілінде электронды пошта арқылы хат алмасып, виртуалды қатынас клубтары мен конференцияларға қатыса алады. Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар пайдалану білім алушылардың өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегін тигізуде. Мысалы: компьютерлік оқыту бағдарламасын қолдану арқылы тақырыптық сөздер мен сөз тіркестерін енгізуге, пысықтауға болады. Сөздердің дұрыс айтылуын жаттықтыру үшін студенттер сол сөздерді тыңдап, диктордан кейін қайталайды. Қайталау нәтижесінде экранда студент пен диктордың дыбыстарының графикалық көріністері салыстырмалы түрде пайда болады. Осындай тәсілдің көмегімен студенттер өздерінің жіберген қателіктерін түзету мүмкіншіліктеріне ие болады. Студенттер экранда берілген диалог тақырыптарының бірін таңдау арқылы бірнеше сурет-көріністерге қарап отырып, диалог құрастырады және оны компьютер бағдарламасына жазбаша түрде енгізеді. Жұмыстың мұндай түрі студенттердің ағылшын сөздерін дұрыс

жазу және баспа тетіктерін дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыруға көмегін тигізеді.

«English Gold» бағдарламасында 144 микро диалог бар және әрбір диалог белгілі бір грамматикалық құрылымға негізделген. Мысалы: Present Continuous көптеген диалогтарда кездеседі. Тақырып бойынша студенттер диалогтарды таңдап, оларды тыңдайды және экрандағы көріністерге сүйене отырып, өз беттерімен диалогтар құрайды. Сабақты қорытындылау мақсатында грамматикалық тест сұрақтарын құрастырып, оның нәтижелері тексеріліп, бағаланады. Компьютермен атқарылған мұндай жұмыс түрі білім алушылардың грамматикалық материалды дұрыс меңгеруіне көмегін тигізеді.

XXI – ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланудың шет тілдерін үйретуде маңызы зор.

Қ.А.АЙСҰЛТАНОВА,  
гуманитарлық факультеттерге  
арналған  
шет тілдер кафедрасының доценті;  
Л.М.АЛИЯРОВА,  
аға оқытушы

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, әдебиет сыншысы Қанипаш Қайсақызы Мәдібайдың «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» атты монографиясы жарық көрді. Еңбек авторының «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» деп атап отырғаны – XIX ғасыр. Өйткені XIX ғасыр әдебиеті тәуелсіздік үшін күрес әдебиеті болуымен бірге, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке ойысу кезеңіндегі қисса-дастан, өлең, тарихи жыр, төлтума сипаттағы дәстүрлі ән, айтыс өнерінің жанрлық түрлерін, сондай-ақ, әдебиет тарихындағы азатшыл, жаңа бағытты айғақтайтын Махамбет, Ыбырай, Шортанбай, Дулат сияқты зар заман ақындарын, Абай сынды жазба әдебиет алыбын тудыруымен ерекшеленді.

## Жауһардай сый

Автор монографияда нақты тұжырымға келу үшін аталмыш ғасыр әдебиетінің даму бағыттары мен танылым өрісін кеңінен қарастырады. Сонымен қатар, XIX ғасыр әдебиетінің бұрыннан зерттеліп-зерделеніп келе жатқаны белгілі. Сонау А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлынан бастап Б. Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Қ. Өмірәлиевке дейінгі және одан кейінгі зерттеушілер шоғырын айтсақ та жеткілікті. Демек, XIX ғасыр әдебиетінің танылым өрісі өте кең, ұлан-ғайыр деуге болады. Автор сол ой-танымдардың, бағалаулар мен тұжырымдардың қай-қайсысын да шеткері қалдырмай, әдебиеттанудың жаңа бағыттары тұрғысынан зерттейді. Әдеби-сыншылық сарабынан өткізіп, жинақтап, жүйелейді. Тіпті осы бағыттағы қайшылықты жайларды жаңаша көзқарас тұрғысынан бағалайды, соны қырынан танып, талдайды. Бұл – көтерер жүгі мол,

бейнетті іс. Сондықтан зерттеуші Қ. Мәдібайдың «танылым өрісі» деген терминді қолдануының ғылыми құндылығы зор деуге болады. Автордың айтуынша, XIX ғасырдың қазыналы қойнауындағы әдебиет жауһарларының поэтикалық ерекшеліктері, әдеби мектеп дәстүрін ғылыми негіздеу мәселесі, тіпті кешелі-бүгінгі махамбеттану, абайтану мәселелері әлі де жүйелеуді қажет еткені анық.

Расында, сыншы ғалым Қ. Мәдібайдың қолымызға тиген «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» атты монографиясы білім жауһарын іздеген университет ғалымдары мен студенттері үшін үлкен сый болды.

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,  
қазақ әдебиетінің тарихы және  
теориясы кафедрасының доценті;  
Балжан ШӘУЕ,  
1 курс студенті

# Болашаққа бағдар берген Жолдау

Әр жыл сайынғы Президент жолдауы өз жаңалықтарымен, құнды идеяларымен, еліміздің жаңғыруына, өркендеуіне негіз болатын салмақты тұжырымдарымен ерекшеленеді.

Өйткені Елбасы Жолдауы еліміз үшін жыл сайынғы басты құжат. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауының негізгі мәні Қазақстан мемлекеттілігін дамыту мен халқының әл-ауқатын арттыруға арналған. Осыған орай бұл жолдау бүкіл халықтың көңілінен шығып, қазір мемлекетіміздің барлық аумақтарында, басқару, оқу өндірістік салаларда, мемлекеттік емес ұйымдарда кең қолдау тауып отыр.

Биылғы Жолдаудың ерекшелігі мемлекетіміздің және халықтың 2050 жылға дейінге даму жолын айқындап беріп отырғандығында. Тәуелсіздік алғаннан кейін ел экономикасына 160 миллиард доллардан (АҚШ) астам шетелдік инвестиция тартылды. Қазақстан әлемнің 126 еліне 200-ден астам өнім түрін шығарып өткізуде. Ұлттық дәулетіміздің үштен бірі шағын және орта бизнестен құралып отыр. Ауыл шаруашылығы дамып, ішкі жалпы өнім жыл сайын артуда, орташа айлық жалақы артып, ұлттық әл-ауқат деңгейі өсті. Шикізат ресурстарынан түскен табыстар ұлттық қорға құйылды. Бұл

дегеніміз ықтимал экономикалық және қаржылық дағдарыстардан қорғайтын сенімді қалқан, сонымен бірге қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қауіпсіздік кепіл. Жыл сайын денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі ұлғайып, халықтың өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін ұзарған. Білімге бөлінген қаржы ұлғайды.

Елбасы ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағыттың жобасын ғылыми негізділікпен ұсынды. Олар: жаңа экономикалық саясатты жетілдіру; жаңа кадр, бюджет, салық, ақша, кредит, мемлекеттік басқару саясатын жүзеге асыру; стратегияны өзірлеудің негізгі

бағыттарын белгілеу; кәсіпкерлікті, ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау; әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары, әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік, білім және кәсіби машық, заманауи білім беру жүйесін; кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары, мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту; дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту; жаңа қазақстандық патриотизм.

Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы Жолдауы еліміз бо-



йынша 2050 жылға дейін жүзеге асырылатын өрелі міндеттерді алға қойып, жұртшылықты жігерлендіріп отыр. Бұл міндеттердің орындалатынына, Қазақстан халқының әл-ауқатының артып, мемлекетінің гүлденіп алдығы қатарлы 30 мемлекеттің алғы шебінде болатынына ешқандай күмән жоқ.

**Арықбай АҒЫБАЕВ,**  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің профессоры,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері

Прекрасные чувства  
вызвало Послание Президента  
РК Н.А. Назарбаева народу  
Казахстана «Стратегия  
«Казахстан-2050» - новый  
политический курс  
состоявшегося государства».  
Каждая строчка - ориентир  
на будущее, по которому  
мы сверяем свой шаг, свое  
понимание миссии профессии,  
отношения к Родине. Каждое  
предложение - продуманный и  
взвешенный план действий.



«Ғылым-теңіз, білім-қайық» деп атадан қалған асыл сөзде айтылғандай, заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім және ғылыммен бағаланатына бәріміз куә болып отырмыз. Кісінің кісілігі білегімен емес, білімімен бағаланатын заманда инновацияға негізделген индустриализацияны адал еңбекпен және терең біліммен ұштастырған жан ғана табысқа жете алатыны аян.

## Шетелге ғылыми тағылымдамадан өтуге жол ашық

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы № 1394 Жарлығымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылған болатын. Бағдарламаның пайда болуы уақыт талабына сай келді. Мемлекетіміз енді ғана тәуелсіздік алысымен көптеген реформалардың өмірге келуін талап еткен экономикадағы еркін нарықтық қатынастар жолына, демократия және әлемдік қоғамдастыққа толыққанды ену жолына түсті. Кез келген реформаны жүргізу өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті білікті кадрлардың болуын талап ететіндігі барлығымызға белгілі. 2008 жылдан бастап ғылыми және педагог қызметкерлерге ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндігі ұсынылды, сондай-ақ ауыл жастары, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми және педагог қызметкерлер үшін квоталар енгізілді. Бағдарлама шеңберінде алынатын білім сапасын арттыру мақсатында «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерін оқыту және ғылыми тағылымдамадан өткізу үшін ұсынылатын шетелдің жетекші жоғары оқу орындарының, ғылыми орталықтары мен зертханаларының тізімі нақтыланып, оған әлемдік рейтингіде жетекші орындарда тұрған үздік университеттер кіретін болды. Сондай жобалардың бірі - «Педагогикалық диагностика, білім беру сапасын бағалау және басқару» мамандығы бойынша «Болашақ» бағдарламасымен Рединг университетінде (Ұлыбритания) шет тілін оқыту және ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткер ретінде өз кан-

дидатурамызды ұсынған болатынбыз және ол өз оң нәтижесін берді. Бұл, ең алдымен, бізге сенім артқан университет басшылығының жеңісі деп білеміз.

Елбасымыз – Президенттің Болашақ халықаралық шәкіртақысына ие болу арқылы педагогикалық кадрларды тағылымдамадан өткізу, біліктілігін жетілдіру бойынша ұстанған сарабдал саясаты, ең алдымен, білімге негізделіп отырғаны белгілі. Ал, білім - елдің экономикалық ресурс көзі, ал сапалы адам капиталын құру білімді қоғам қалыптастыруға негіз.

Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына аяқ басқан еліміз үшін постиндустриалды әлемде үстемдік ететін «білім-ғылым-инновация» ұштағанын нық ұстану өзекті мәселе. Ол үшін сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті маман даярлау маңызды міндет. Бұл тұста жоғары оқу орынының алар орны зор. Біздің университеттің әлемнің озық университеті санатына ену жолындағы қыруаріс-шаралар атқарылып жатқаны және жекелеген нәтижелерге қол жеткізіп жатқаны бесенеден белгілі. «Озық университеттер ол ең алдымен дербестікке, академиялық еркіндікке ие әрі ғылыми-зерттеу қызметіне бағытталған болуы тиіс» деп Елбасы өз дәрісінде атап өткендей, біз, университет ұжымы интелектуалды-инновациялық кластер құру, ғылыми-зерттеу нәтижесін коммерциализациялауда бір кісідей атсалысамыз деп сендіре аламыз.

**М.Ж.АРЗАЕВА,**  
Экономика және бизнес жоғары  
мектебі Қаржы кафедрасы

## ОРИЕНТИРЫ БУДУЩЕГО

С особым вниманием Нурсултан Абишевич всегда относится к молодежным вопросам государственного языка, образования. КазНУ им. аль-Фараби со всей ответственностью приступил к реализации ранее поставленной задачи - максимально приблизиться к исследовательской модели высшего учебного заведения, ориентирующегося на запросы мирового рынка.

Лидер нации отметил: «Высшие учебные заведения не должны ограничиваться образовательными функциями. Им необходимо создавать и развивать прикладные и научно-исследовательские подразделения... Поэтому нам следует выстроить очень реалистичную, максимально прагматичную стратегию... Кроме того, мы вполне можем активно участвовать в масштабных международных научно-исследовательских проектах. Это даст нам возможность интегрировать усилия наших ученых с зарубежным научно-исследовательским сообществом по стратегическим инновационным направлениям. Наша цель - стать частью глобальной технологической революции».

Мы в системе образования работаем с самым ценным капиталом нашей

страны - молодежи. Они - наше будущее. Им в этом будущем жить и работать. Поэтому уже сегодня мы должны подготовить их к успешной адаптации к быстроменяющимся условиям и технологиям. В этой связи жизненно важно модернизировать методику и контент образовательных программ, развивать онлайн-системы, актуализировать научные и образовательные дисциплины, приблизить образование к практике, предпринимательству, бизнесу, внедрению достижений науки в экономику страны.

Наш Президент в очередной раз подтвердил статус лидера мирового класса, наметив ориентиры будущего. Уровень видения и понимания проблем народа роднит его с великими мудрецами, способными видеть дальше, чувствовать острее. Все высказанные мысли продиктованы искренней заботой о людях, отцовской заинтересованностью в успехах своих детей, чутким вниманием к настроению и миропониманию простого человека.

**Елена ДУДИНОВА,**  
к.ф.н., доцент  
кафедры ЮНЕСКО,

международной журналистики  
и связи с общественностью



Шыңғыс десе: "Адамзаттың Айтматовы", дейтін сөз тіркесі көлденеңдейді. Бұл, заңғар суреткерге қазақ бауырларының дуалы аузымен телінген

Шыңғыс Айтматов – ойшыл гуманист, данагөй, қазақ-қырғызға ортақ халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ері, КСРО мемлекеттік сыйлығының үш мәрте иегері және Лениндік сыйлықтың лауреаты. Ш. Айтматовтың бүкіл шығармашылығы мен өмірі бастан-аяқ қазақ халқымен тығыз байланысты болды. Сонау «Жәмиладан» бастап, әлемге танымал «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Жанпида» сияқты барлық шығармаларындағы көркем образдарының рухы мен мінезі қырғыздан гөрі қазаққа өте-мөте жақын еді.

## Шыңғыс Айтматов

(12.12.1928–10.06.2008)

толағай теңеу болатын. Өз дәуірінің өзегін жарып шыққан дара перзенттерге тән ерекше қасиеттердің көшбасында олардың еткен еңбегі мен тындырған шаруасының жалпы адамзатқа түсінікті болуы жатады. Тілі мен дініне, әдеті мен ғұрпына, қоғамдық құрылысы мен қауымдық қағидасына, идеологиясы мен идеясына қарамай мұхит асып, теңіз басып, биіктіктермен біте қайнасып кету үрдісі де дара тұлғаларға тән құбылыс десек, Шыңғыс Төрөкұлұлы осы қатардан ойып тұрып орын алған ғасырлық құбылыс.

Адам бойындағы асыл қасиеттердің арда тармағын алаулы азаптар құрсауында ғұмыр кешкен, біреулер үшін - көптің бірі, енді біреулер үшін - биік рухтың, бірегей болмыстың иелері - Жәмила мен Данияр бейнесі арқылы жеріне жеткізе айшықтап берген жас Айтматов "тау мен дала жыршысы" биігінен ешқашан аласарған жоқ.

Шыңғыс Айтматов өнерінің шоқтығын биіктетіп тұрған, әрбіреуі бір-бір кезеңіне татитын шығармалар шоғыры бұл күнде адамзатқа ортақ құндылықтарға айналды.

Аңыз бен ақиқатты астастыру, жаратылыс пен жарық дүниені үндестіру, есте жоқ ескі заманалар елесінің шұбатылған шырғалаңын шегендеген шындық пен әділдіктің алтын арқауын айшықтау, өмір мен өлім заңының қос биігін пайымдау, адами болмыстың Шығысы мен Батысында барымтағ түскен құндылықтардың көнбіс құдіретін толғау жөнінде дәл қазір Айтматовтың алдына түскен суреткер кемдекем. Айдай әлемге қазақ пен қырғыз ұлысының ұлағатынан нәр алған тау мен дала бейнесін тарту еткен тұлғаның, әдебиет әлеміне, қала берді - адамзат өркениетіне қосқан үлесі туралы сөз қозғауымыздың басты себебі де осы төңіректен өрбіген болатын.

Сондықтан да сауатты сәтке тап болып, толағай заманда өмір сүру мұратына жеткен әрбір адамның, Шыңғыс шығармаларын тәптіштеп талдаумен, ежіктеп түсіндірумен әуре-сарсаңға түспеуі керек. Шыңғыс Айтматовты тек оқу керек!

«Әдеби әлем» әдебиет порталынан алынды

«Ведь все мечты так – вначале рождаются в воображении, а затем по большей части терпят крушение за то, что посмели произрастать без корней, как иные цветы и деревья...»

Ч.Айтматов

## Чингиз Айтматов – мастер описания чувств

Когда я взял эту книгу в руки, совсем не ожидал, что она будет светлой и позитивной. Чингиз Айтматов – мастер описания чувств, мыслей и всего остального ментального при помощи обычных слов и простых предложений. Ни в коем случае не читать книгу, как развлечение, ради приятного времяпрепровождения не получится!

Но если в сказках добро почти всегда торжествует, а зло наказывается, то в действительности не всегда бывает так. Во многом, по-моему, повесть «Белый пароход» интересна тем, что в ней одновременно сосуществуют и современная жизнь, и древняя легенда, причем проблема добра и зла разрешается отлично от привычного исхода. Еще одна особенность постановки вопроса добра и зла в этом произведении – в его переплетении с национальными проблемами при разном восприятии моральных и духовных ценностей и законов, в частности характерных для киргизов. Живущий в этой сложной действительности главный

герой повести, семилетний мальчик, делит и свой мир на два измерения: реальный мир и древний мир, фантастический мир сказки и легенды, добра и справедливости, который как бы компенсирует несправедливости реальности, а их много. Мальчик оставлен родителями на попечение деда.

Не написано в повести, почему, как в сказках, добро не победило зло. Право найти на них ответы предоставляется читателю. И хотя это сложно сделать, я попытаюсь. Мне кажется, что Ч. Айтматов ставил своей главной задачей написать правду, какая бы горькая она ни была, а читатель все равно сделает из нее верные выводы. Важно, что добро не пассивно, оно борется, а в жизни оно может и победить. Есть такой закон мирового искусства – посылать на смерть и муки лучших своих героев для того, чтобы всколыхнуть души живых, призвать их творить добро.

Саят МАКСУТОВ,  
студент 1 курса физико-технического факультета

### Шыңғыс Айтматов

#### «АҚ КЕМЕ» повесі

(Үзінді, 289 бет)

- Мен балық боламын, естіп тұрмысың, ата? - Мен балық боп жүзіп кетемін. Құлбек келгенде өзің айтарсың, мені балық болып жүзіп кетті дегейсің.

Шал үн қатпады.

Бала теңселіп кете барды. Өзенге жақындай берді. Сол келген бетімен алдыартына қарамастан суды кешіп бара жатты ...

... Амал қанша, сен суға кеттің. Сен өмірі өзіңнің балыққа айналмайтыныңды білдің бе екен? Сен еш уақытта Ыстықкөлге жүзіп барып, ақ кемеңі қарсы алып: «Армысың, ақ кеме, бұл келген мен ғой», - деп айта алмайтыныңды білдің бе екен?

Мен саған не айтайын енді, - сен өзіңнің бейкүнә сәби, мұбарак жаныңның, адал жүрегіңнің дегенін істедің, сен барлық қасиетсіздікке, арсыздыққа, қаныпезер қараулыққа қарсы болып лағынет айтып кеттің...

“Здравствуй,  
белый пароход, это я!”

Проект «100 книг», созданный по инициативе ректора КазНУ им. аль-Фараби, профессора Г.Мутанова нашел широкий отклик среди преподавателей и студентов. В наш информационный век, когда каждый современный человек зависит от интернета, этот замечательный проект поможет «прикоснуться» к прекрасному и вечному, постигая богатое наследие отечественной и мировой литературы.

При подготовке к кураторскому часу «Я люблю читать художественную литературу. Творчество Ч.Айтматова» я вспомнила свои детские сопереживания с героями романтических, щемящих душу, повестей «Джамия», «Первый учитель», «Белый пароход», «Тополек мой в красной косынке», «Прощай, Гүлсары!». Читая эти повести, проникаешься философией жизни и окунаешься в чудесную атмосферу киргизской природы, людей и характеров. Это взволнованные повествования о чистоте помыслов и красоте души.

Практически все творчество Ч.Айтматова пронизано мифологическими, эпическими мотивами, в его произведениях вплетены легенды, притчи. Так, в повести «Белый пароход» Ч.Айтматов создал своеобразный «авторский эпос», стилизованный под эпос народный. Это была сказка о Рогатой матери-оленихе, которую рассказывал мальчику – главному герою повести, его дед. На фоне величественного и прекрасного по своей доброте сказания особенно пронзительно ощущается трагизм судьбы ребенка, который сам оборвал свою жизнь, угнетенный ложью и жестокостью «взрослого» мира.

Тема добра и зла – это центральная тема творчества писателя. И, как во всякой сказке, волшебный мир, в который погружается мальчик, прекрасен и справедлив. Этот мир представлен в повести целым рядом легенд и сказок, мечтами и снами ребенка. Здесь добро всегда торжествует над злом, каждое злодеяние наказывается, здесь

царят красота и гармония, чего так не хватало мальчику в реальной жизни. Легенды, рассказанные дедом, – это единственное, что помогало мальчику жить, оставаться добрым, неиспорченным ребенком, верящим в добро и в то, что оно победит. Тот внутренний мир оберегал чистую душу ребенка от зла внешнего, окружающего мира. Но эти миры должны были столкнуться, и, по-моему, это было неизбежно. Внутренний мир мальчика столкнулся с миром внешним, в котором зло противостояло добру.

Бездумная деятельность человека на протяжении веков разрушила среду обитания, но двадцатый век явился временем экологических катастроф. И если о грозящей человечеству беде стали писать в прессе в последние десять-пятнадцать лет, то Ч.Айтматов еще в 70-е годы в повести «После сказки» («Белый пароход») затронул эту проблему. Он показал губительную безысходность пути, если человек губит природу. При этом антропоморфизм природы настолько органичен, что человек воспринимается как неотторжимая ее часть.

Все произведения Ч.Айтматова несут глубинные пласты, заключающие в себе осмысление сложнейших социальных, психологических и общечеловеческих проблем, отличаются яркой публицистичностью, высоким уровнем художественности, философской глубиной и наполненностью. В этом и состоит суть феномена писателя Айтматова, произведения которого вызывают неослабевающий интерес во всем мире. Об этом хорошо сказал Мустай Карим: «Чингиз Айтматов – один из немногих наших тюркоязычных писателей, который заставил чужестранного, особенно западного, читателя вступить в общение со своими героями, заставил любить и ненавидеть их, сопереживать им».

Ж.К. КИЫНОВА,  
доцент кафедры русской филологии, русской и мировой литературы

2012-2013 оқу жылының күзгі семестрінде Қазақ ұлттық университеті Механика-математика факультетінің магистранттарына психология пәні өтті. Оны университетіміздің Философия және саясаттану факультетінің “Жалпы және этникалық психология” кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы Ташимова Фатима Сағымбекқызы жүргізді.

## Психология пәнінен өткен қәрістерден алған әсер

Күнделікті өмірде барлығымыз психология сөзін естіп, қолданып жүргенімізбен, бұл сөздің нақты мағынасы туралы ойлана бермейміз. Ал біздің осы пәннен түйгеніміз ерекше.

Психология – психикалық құбылыстардың (жан қуаттарының) пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Бір қарағанда бұлардың мәнін әрқайсымыз тез ажырататын да, білетін де сияқтымыз. Бірақ психикалық құбылыстардың мәнін әрқайсымыз тек тұлғадан түсіну арқылы ғана жан-жақты ажыратуға болады. Осы мәселені ғылыми жолмен баяндауды, олардың өзіндік заңдылықтарын айқындауды – психология ғылымы қарастырады.

Механика-математика факультетінде, негізінен, математикалық және техникалық пәндер оқытылатын болғандықтан, адам жаны мен психологиясы туралы көп ойлана да бермейді екенбіз. Ал «Психология» пәнінде адамның ішкі жан дүниесін, оның сыртқы болмыспен өзара ықпалдастық байланыстарын өмірде кездесетін жағдайлармен байланыстыра отырып қарастырдық. Бір сабақ ойын түрінде өтсе, басқа уақытта дөңгелек үстел ретінде қызықты өткізілді. Сабақ өту барысында әрбір магистрант өмірге қатысты мәселелер, соның ішінде күнделікті тіршілікте кездесетін түрлі жағдайлардың адам көңіл-күйіне, жан

дүниесіне, психикасына қалай әсер ететіні туралы өз ой-пікірін ортаға салып кішігірім пікір-сайыс ретінде де өткізіліп отырды.

“Жеке тұлға психологиясы” дәрісін ерекше айтып өтуге болады, себебі ол бізге қатты әсер қалдырды. Осы дәрісте бізге өмірде физикалық тұрғыдан кемтар жандар туралы айтылды. Олардың өмірде қиын жағдайға түсе тұрып, ешқандай мойымай тек алға қойған мақсаттарына жете білетін, талапшыл, қайратты мінездері бізді үлкен ойға қалдырды. Кемтар жандардың мүмкіндіктері шектеулі болғанымен, олардың ерік-күші кейбір дені сау адамдардан әлдеқайда жоғары екендігін мойындауымыз керек.

Адам жаны мен психологиясы туралы бізге аз уақыт болса да дәріс жүргізіп, ол туралы мәлімет берген пәнді жүргізуші Фатима Сағымбекқызының ұйымдастырушылық қабілетін, әрбір магистрантпен тіл табыса білетін жоғары дәрежелі, тәжірибесі мол тұлға екенін және өз ісінің маманы екенін айтып өткен жөн болар.

**А.АБДРАХМАНОВА,  
А. АЙТҚҰЛОВА,**

*Механика-математика факультеті  
Ақпараттық жүйелер  
кафедрасының  
2 курс магистранттары*



## Жап-жарық Сәуле...

ҚазҰУ-дың студенті деген құрметті атқа лайық боп, осы алтын ұяға үлкен арман-мақсатпен келдім. Алдымыздан жүрегі мейірімге толы, анамыздай күлімдеп бір адам қарсы алды. Аналық мейіріммен балалары мен студенттеріне бірдей бөлісіп жүрген қандай жомарт жан... Өмірдің қызығы мен шыжығы мол кезеңдерінде Адамдық рухынды түсірмей, жақсылыққа ұмтылып, ғылым мен білімге қанығып, өмірдің даңғыл жолында лайықты орын таба білу керектігін айтып, қолдаушымыз да, қорғаушымыз да болып жүр. 23 студенттің қамқоршысы. 23 студенттің тілекшісі. Отбасында ана болып, қызметінде куратор-эдвайзер деген құрметті атты алып жүрген адамның бар мақсаты бір – болашақ білім жас ұрпақты тәрбиелеу. Сол еңбегінің жемісі сол жас ұрпақтың еліне, жеріне деген адалдығын білімімен, өнерімен, адамгершілігімен дәлелдеуінде көрініп жатады.

Ол – өз ісінің маманы. Өркез жаңалыққа жаны құмар, ізденіс үстінде жүретін ұстаз тұлғасын айтып өтпекке болмас. Өз кезінде ұлағат шайырларынан білім алып, тіл білімі мәселелерін зерттеп, түркологияның терең сырларына үңіліп, шәкірттеріне адал білім беріп келе жатыр. «Ұстазы жақсының – ұстамы

жақсы» дегендей, осындай кең пейілді «ұстазымыздың ұстазы» атанған жандардың тау тұлғаларының алдында қарыздармыз. Өйткені білімді шәкірт – болашақ тәрбиеші, ұстаз.

Кеше ғана «арманның тұлпарын мініп, қызықты студенттік жылдарын өткізген» ұстаздарымыздың адал пейілі, кір шалмаған көңілдері бізбен сырласып, мұңдасып отырғанда сезіліп тұрады. «Біз де студент болғанбыз» деп күліп, студенттік өмірдің қызығын айтып, жанымызды жадыратып, көңілімізді көтеруден еш жалыққан емес. Ол жан қанша лек түлектер ұшырса да, сол аналық, ұстаздық, жастық келбетінен арылған емес, арылмайды да.

Кафедра есігін ашып, іздейтінім бір адам... Ол – Ұстаздық келбетін баян етіп отырған адамым. Ол мен үшін – Сәуле апай. Әріптестеріне – шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты - Бектемірова Сәуле Бекмұхамедқызы. Айналасының жап-жарық Сәулесі.

**Сәния ДАУТАЛИЕВА,**

*Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің  
3 курс студенті*

## «Қыздар-ай» үйірмесі: арулардың сырласу алаңы

2012-2013 оқу жылының басынан физика – техникалық факультетінде «Қыздар-ай» үйірмесі өз жұмысын бастаған еді. Қазақ халқының салтына байланысты дәстүрлерді насихаттау, сонымен қатар қазақ қыздарына ұлттық салт дәстүрді санасына жеткізу және үйрету мақсатында ашылған үйірме тек қыз балалардан құрылған. Жұмысы басталғалы бері үйірмеде үй сайын өткізіліп отырған іс-шараларға студенттер алғысы артып отыр.

Осы үйірменің жақында өткізген кезекті «Шаңырақ құру салтанаты» атты іс-шарасында құда түсу, қалың мал, үйлену тойы, қыз ұзату тойы, келін түсіру тойы, жасау, киіт, құйрық-бауыр, некеқияр сияқты салт-дәстүрлер туралы мағлұмат берілді. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақ халқында отау тігудің басты жол жоралғысы – құда түсу, қалың мал беру. Адам өміріндегі аса мәнді де сәнді мереке – жастардың үйлену тойы. Бұл-ұлдың ержетіп, қыздың бойжетіп, көмелетке толған жастардың өмірден өз орнын тапқан салтанаты. «Отан отбасынан басталады» дегендей, қоғамның негізі – отбасылық өмір. Міне аруларымыз студенттік жылдарында осындай ұғымдарды меңгеріп шығуына аталмыш үйірменің үлесі зор.

Ұзату тойы қыздың әке-шешесінің ауылында өткізіледі. Қазіргі кезде қыз ұзату мен келін түсіру деген тойлар жиі кездеседі. Жасау – ұзатылған қызға берілетін дүние-мүлік. Жасауды ұзатылған қыздың ата-анасы дайындайды. Сондай-ақ туыстары, ағайындары да өз үлестерін қосады. Киіт-құдалықтың негізгі белгісі және олардың арасында

жүретін, соған ғана лайықталған сый-сияпат. Құйрық-бауыр – бұл құдалық рәсімі болғанымен, ұлт салт-дәстүрінде орны бөлек жай. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға құйрық – бауыр салып арнаулы сый өкеледі. Некеқияр – бас қосқан ер мен әйелдің міндетті түрде некесі қиылады. Ол көпшілік алдында жасалады. Қосылған, бірақ некесі қиылмаған адамдарды халық «некесіз» деп сөккен және оларға салқын қараған. Некеқияр сөз деп – неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің, жігіт пен қыздың ырзалығын сұрау барысында айтылатын сөзді айтамыз. Сонан кейін екеуі де неке суын ішеді. Бұдан кейін олардың некесі қиылып, ерлі-зайыпты адамдар болып саналады.

Міне, осындай халқымыздың осындай салт-дәстүрлерін меңгеріп шыққан жастар болашақта құрар отбасының берекесін келтіріп, жауапкершілікті сезіне түспек.

**Э.М. ЗУЛЬБУХАРОВА,**

*«Қыздар-ай» үйірмесінің жетекшісі,  
Физика-техникалық факультетінің  
аға куратор-эдвайзері*

## АЙНАЛАҢДЫ НҮРЛАНДЫР

## «ЖІГЕР» мүмкіндігі шектеулі жастар ұйымына – 5 ЖЫЛ

«Біздің қолымыздан бәрі келеді!» деп ұрандаған жігерлі қазақ жастары бүгінде аз емес. Сондай бір жалындаған жастардың ішінде мүмкіндігі шектеулі жастардан құрылған «Жігер» қоғамдық ұйымы да бар. 2007 жылы 27 желтоқсанда құрылған бұл ұйым зағип жандар мен мүмкіндігі шектеулілер қатарынан тұрады. Өмірге деген құштарлығы мен сенімі мол, жаңа креативті идеяларды іске асырып жүрген «Жігер» қоғамдық ұйымына бүгінде 5 жыл толып отыр. Қазіргі уақытта ұйым Пархат Юсупжановтың басшылығында. Жақында «Спорт және туризм» академиясында өзде-рінің 5 жылдық мерекесін атап өткен ұйымның қанаты әлі қатаймаса да, жастарға үйретері мен берері мол.

Қоғамдық іс-шараларға белсене қатысам деген жастарға қол ұшын

беріп, еріктілерге есігін айқара ашатын бұл ұйымға университетіміздің ерікті жандары, яғни, «Көмек» еріктілер қозғалысы қолғабыс көрсетіп жүр. «Көмек» еріктілері зағип жандарға жүрек жылуын сыйлап, концерттік іс-шараларына белсене ат салысып келеді. Аз ғана уақытта қоғам арасында өзіне атау алып, танылған жігерліктер қолымен елеулі істер атқарылды. 2008 жылы Елбасымыз мүгедектер құқығын қорғау конвенциясына қол қойған кезде, бұл жандардың ешкімнен еш жері кем еместігі жайында сөз өткен болатын. Келешекке бірлігіміз жарасып, нық қадаммен аяқ басуымыз үшін мұндай қоғамдық жастар ұйымына қолдау көрсетуіміз керек екенін де ұмытпағанымыз жөн.

*Өз тілшімізден*



# Біздің Әлібек - ЧЕМПИОН!

Салауатты өмір салтын ұстанып қана қоймайтын, сегіз қырлы, бір сырлы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Фило-софия және саясаттану факультеті саясаттану бөлімінің 1 курс студенті Ідріс Әлібек Астана қаласында Қазақ-стан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің ұйымдас-тыруымен 12 спорт түрінен өткен Қа-зақстан Республикасы Парламентінің

жүлдесіне арналған I жекпе-жек фес-тивалінде каратэ-до-дан жүлделі II орын-ды иеленіп, жеңісімен бір қуантты.

Жарыста 75 келі салмақ дәрежесі бойынша өнер көрсеткен «Біздің Әлі-бек» екі дүркін Қазақстан чемпионы, Азия чемпионатының күміс жүлдегері, қоғамдық жұмыстарға да, оқуға да белсенді қатысып жүрген студент. Әлібекті осынау айтулы жеңісімен

құттықтап, дүбірлі додаларда дара талантымен оқшауланатын саңлақтар қатарын көбейтіп, жеңістің тұғырынан көріне берсін деп тілейміз.

**А.А.КЕҢЕСОВ,**  
Саясаттану кафедрасының  
доцент міндетін атқарушы,  
**М.Б.ШӘБДЕН,**  
Саясаттану кафедрасының  
магистранты

## «Денсаулық» спартакиадасы мәреге жетті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Спорт кешенінде университет факультетінің құрама командалары, оқытушы-профессорлар құрамы сонымен қатар қызметкерлері мен докторанттары арасында 41-ші дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы өтті. Аталмыш спартакиада: бадминтон, волейболдан (ерлер және әйелдер арасында), дартс, тоғызқумалақ, шахмат, шағын-футбол және үстел теннисі сияқты спорттың сегіз түрі бойынша ұйымдастырылды.

Спартакиаданың үздік ойыншылары:

### Бадминтон

**Н. Бондаренко** – физика-техникалық факультет  
**А. Кушумов** – өскери кафедра

### Үстел теннисі

**Н.С. Дробышев** – физика-техникалық факультет  
**А. Галеева** – химия және химиялық технология факультеті

### Тоғызқумалақ

**Л. Кайысова** – механика-математика факультеті  
**А. Кенесов** – философия және саясаттану факультеті  
**А. Бекмухамед** – физика-техникалық факультет



### Шахмат

**Б.Е. Алпысбаева** - физика техникалық факультет  
**Н.Т. Данаев** - механика-математика факультеті

### Волейбол әйелдер

**А. Мажитова** - механика-математика факультеті  
**С. Сызганбаева** - физика-техникалық факультет  
**З. Елбаева** - философия және саясаттану факультеті

Жалпыкомандалық есеп бойынша 41-ші дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасының жүлделі орындары келесі кезекпен бөлінді:

**I орын** - механика математика факультеті  
**II орын** - физика техникалық факультет  
**III орын** - химия және химиялық технология факультеті

**Н.П. ТАГАНОВА,**  
ҚазҰУ дене тәрбиесі және спорт кафедрасының аға оқытушысы

### Дартс

**Б. Байтулаева** - химия және химиялық технология факультеті  
**Е.Т. Алимкулов** - механика-математика факультеті

### Волейбол ерлер

**К.Т. Еспенбеков** - механика-математика факультеті  
**А.К. Жанибеков** - заң факультеті  
**Б. Узбекиев** – өскери кафедра

### Шағын-футбол

**А.А. Батырбаев** - физика техникалық факультет  
**Э. Бағылбек** - заң факультеті

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Бетеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА  
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10033

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.